

- 529 с. Том II (Е-Муж). М.: Прогресс, 1986. 672 с. Том III (Муза-Сят). М.: Прогресс, 1987. 832 с. Том IV (Т-Ящур). М.: Прогресс, 1987. 864 с.
9. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. В двух книгах. Около 40 000 слов. Ф.: КСЭ, 1985. Кн. 1. А - К. 504 с. Кн. 2. Л - Я. Ф.: КСЭ, 1985. 480 с.
10. Мухатаева А. Этнолингвистическое изучение лексики казахского эпоса (сфера материальной культуры). Алматы, 1989. Автореферат.
11. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
12. Қалыбаева Қ.С. Қазақ тіліндегі диалектілік тұрақты сөз тіркестері. – Алматы, 1997. – 72 б.
13. Шынар А. Қазақтар мен түріктерде жылқы өсіру мәдениеті және оның рөлі (ауд. Кенан Коч). – Шымкент: Әлия, 2001. – 135 б.
14. Қайырбекова Ұ. Түркі лексикасын компонентті талдау (қазақ, түрік, өзбек тілдеріндегі үй жануарлары негізінде). Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.06. – Шымкент, 2003. – 141 б.

МРНТИ 16.21.33

Г.С.Косымова¹, Ж.Б.Бурибаева¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ МӘДЕНИ ДИСКУРС МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мақалада тіл біліміндегі дискурс мәселесінің зерттелуі сөз етіледі. Дискурсқа тән белгілер, оның топтастырылуы, зерттеуші отандық және шетелдік ғалымдар, олардың дискурсқа берген анықтамалары кеңінен талданады. Қазақ тіл білімінде дискурс мәселесін қарастырған, дискурс пен мәтіннің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсеткен Ж.Манкеева, Н.Уәли, Г. Буркитбаева, Ж.Кеншінбаева, Ш.А. Нұрмышева т.б. ғалымдар пікірлері мен зерттеулері басшылыққа алына отырып, дискурс түрлеріне талдау жасалынады.

«Мәдени дискурс» ұғымының мағынасы тілдік деректер арқылы түсіндіріледі. «Мәдени дискурс» ұғымын ашу барысында «тіл» - «ұлт»- «мәдениет» ұғымдарының маңыздылығы дәйектеледі. Халқымыздың бай сөздік қорын танытатын мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері, фразеологиялық сөз оралымдары, шешендік сөздер мәдени дискурсты танудағы басты тілдік тұлғалар екені көрсетіледі. Тілдік код және мәдени код мәселесі сөз етіледі. Мәдени дискурсқа тән ерекшеліктер топтастырылып көрсетіледі.

Кілт сөздер: дискурс, мәдени дискурс, тілдік қарым-қатынас, диалог, адресат, адресант, ұлттық таным.

G.Kossymova¹, Zh.Buribayeva¹

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

THE ISSUES OF CULTURAL DISCOURSE IN KAZAKH LINGUISTICS

Abstract

The article deals with the problem of discourse in linguistics. Features of the discourse, its classification, and research of domestic and foreign scientists, their discursive definitions are widely analyzed. The types of discourse are analyzed, taking into account the views and studies of scientists, such as Zh. Mankeeva, N. Uali, G. Burkitbaeva, J. Kenshinbaeva, Sh.A. Nurmysheva and others, in whose works the problems of discourse in Kazakh linguistics, as well as similarities and differences of discourse and texts are explored.

The meaning of "cultural discourse" is explained by linguistic data. When analyzing the concept of "cultural discourse", the importance of the concept of "language" - "nation" - "culture" is revealed. Proverbs and sayings, phraseological units, phraseological formulations and oratorical speeches are the main linguistic features of cultural discourse, representing the rich vocabulary of our people. The issue of language code and cultural code is discussed. Features of cultural discourse are grouped together.

Key words: discourse, cultural discourse, interpretation, language communication, dialogue, addressee, addresser, national knowledge.

Г.С.Косымова¹, Ж.Б.Бурибаева¹

¹ Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ КУЛЬТУРНОГО ДИСКУРСА В КАЗАХСКОЙ ЛИНГВИСТИКЕ

Аннотация

В статье рассматривается проблема дискурса в лингвистике. Особенности дискурса, его классификация, исследования отечественных и зарубежных ученых, их дискурсивные определения широко анализируются. Анализируются типы дискурса, принимая во внимание взгляды и исследования ученых, таких как Ж.Манкеева, Н.Уали, Г. Буркитбаева, Ж. Кеншинбаева, Ш.А. Нурмышева и др., в чьих работах исследованы проблемы дискурса в казахской лингвистике, а также сходство и различие дискурса и текстов.

Смысл «культурного дискурса» объясняется языковыми данными. При анализе концепции «культурного дискурса» раскрывается важность понятия «язык» - «нация» - «культура». Пословицы и поговорки, фразеологизмы, фразеологические формулировки и ораторские речи являются основными языковыми особенностями культурного дискурса, представляя богатый словарный запас нашего народа. Обсуждается вопрос языкового кода и культурного кода. Особенности культурного дискурса сгруппированы вместе.

Ключевые слова: дискурс, культурный дискурс, языковое общение, диалог, адресат, адресант, национальное познание.

Кіріспе. Қазіргі тіл білімінде кеңінен өріс алып, жан-жақты қарастырылып жүрген өзекті тақырыптардың бірі – дикурс, оған тән өзіндік белгілер мен ерекшеліктері, түрлері. Дискурс тілдік қызметі, мәтінді, мәтін аясын, ойтолғамды білдіретін көп қырлы термин.

Жалпы бұл мәселе мәтін лингвистикасының дамуымен, тілдік қарым-қатынас мәселесінің кең ауқымды зерттелуімен тікелей байланысты. “Дискурс” терминін 1952 жылы америкалық лингвист А.Харрис жарнама тілін зерттеуге арналған мақаласында тұңғыш рет қолданған. Осы уақыт шамасында зерттеуші Ю.Хабермас еңбегінде де аталған термин кездеседі. Ол “Коммуникативтік компетенция теориясы дайындық” атты еңбегінде қолданған.

Әдістеме. Дискурс мәселесін қарастырған Т.А.Ван Дейк, Дж.Остин, Дж.Серия, М.Фуко, Э.Гофман, С.И. Виноградов, Б.П.Маршин, В.З.Демьянов, Ю.С.Степанов сияқты шетелдік зерттеушілерді атауға болады.

Дискурс – тілдік коммуникация түрі. Кең шеңберде, дискурс дегеніміз уақыттың мәдени тілдік контексті, оған рухани-идеологиялық мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді. Тар мағынасында, дискурс деп қандай да болмасын мағыналы, құнды іс-әрекеттің (актінің) нақты тілдік шындығын айтады [1., 32].

Энциклопедиялық сөздікте дискурс (фр. "discours" - сөйлеу) – экстралингвистикалық, прагматикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық және т.б.мәнбірлермен белгілі бір жағдайда белгілі бір мәтінге шоғырланған бірлік; сөйлеу, мақсатты бағытталған іс-әрекет,

адамдар арасындағы қарым-қатынасқа және ақыл-ой механизміне қатысты компонент [2., 378].

Н.Д. Арутюнова: “Дискурс – тілден тыс- прагматикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық факторларды білдіретін байласымды мәтін, оқиғалық аспектідегі мәтін, белгілі мақсатқа бағытталған әлеуметтік әрекет ретінде қаралатын сөйлеу (сөз). Адамдардың когнитивтік санасында өзара қарым-қатынас механизміне қатысатын компонент. Дискурс, бұл – “өмірмен біте қайнасқан” сөз. Сондықтан мәтіннен айырмашылығы, дискурс қайнаған тірлік үстінде көрінбейтін ежелші мәтіндерге қатысты қолданылмайды”, - деп түсіндіреді [3., 112].

Қазақ тіл білімінде дискурс мәселесі жайлы зерттеуші Г.Т. Бүркітбаева: “дискурс” термині 60-70 жылдары ғана айтыла бастағанымен, кеңінен қолданысқа түсуі қазіргі кезде байқалады, оны зерттеуге деген қызығушылықтың арту себебі «дискурс» түсініктемесінің әртүрлілігімен байланысты” - дейді. Дискурс:

- 1) мәтін және сөйлеу;
- 2) сөйлеу, мәтін, функционалдық стиль;
- 3) мәтін, сөйлесу және диалог;
- 4) мәтін, жағдай (ситуация) [4., 29].

Жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеу еңбектері арқылы дискурс ұғымының өте кең екендігіне көз жеткізуге болады, сондай-ақ, бұл мәселенің прагматика, психолінгвистика, әлеуметтік лингвистика, антропология, әдебиеттану, лингвомәдениеттану, философия ғылымдарымен тығыз байланыста, көп қырлы құбылыс. Осыған сәйкес оған берілген анықтамалардың да алуан түрлілігі – заңдылық.

Қазақ зерттеушілерінің ішінде Н.Уәли: “фреймі”, “автор”, “сөз айтыс”, “адресат” және “сөз жағдаяты” (сөздің қандай ситуацияда айтылғаны) деген құрылымдардан тұратын коммуникативтік “уақиға” - деп түсіндіреді [5., 14]. Яғни нақтылы тілдік қарым-қатынас барысындағы сөз, оның нені білдіретіні, кімге бағытталғаны, қалай түсіндіріледі деген тұрғыда қарастырады.

Бұл ой Ж.Кеншінбаевада да жалғасын табады. “Дискурс – қолданыстағы мәтін, яғни сөйлеу тілінің нақтылы коммуникативтік қарым-қатынас орнатудағы қызметі” - деп анықтама береді [6., 9]. Ш.А. Нұрмышева дискурсты адам танымы тұрғысынан анықтайды. “Дискурс дегеніміз – коммуниканттардың сөз жағдаятын ескере отырып, шынайы өмірдегі оқиғаларды өздерінің когнитивтік, тілдік, аялық білімін, прагматикалық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы коммуникативтік мақсатқа орай өз тілдеріндегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жүйелер арқылы тілге көшіруі, диалогқа түсу әрекеті” [7., 11].

Нәтижелер және талқылау. Ғалымдардың дискурс терминіне берген анықтамалары түрліше болғанымен, олардың барлығының да дискурсқа тән деп көрсеткен белгілері бар: бұл дискурстың диалогтік сипаты, сөз жағдаятына сай орындалатын сөйлеу әрекеті екендігі.

Бұл анықтамалардың мазмұны бір-бірімен ұқсас деуге болады: олардың негізгі мазмұны бойынша, дискурстың элементтері:

- баяндалатын оқиға,
- оған қатысушылар,
- оқиғаның негізгі фоны,
- оқиғаны айтушының (қатысушының) жазушының бағалауы,
- ақпаратты жеткізу жолындағы тілдік құралдарды пайдалану тәсілдері.

Бұл – тіл үнемі қозғалыста болып, коммуниканттардың (айтушы мен қабылдаушының) тарихи кезеңге қатысы тұрғысынан дербес, өзіне тән сипаттары, сондай-ақ, әлеуметтік ерекшеліктері айқын көрініп отыратын тіл ағымы. Дискурс – мәтінді жасап, оны қабылдау үшін синхронды түнде жүзеге асырылатын үдеріс [8., 216].

Дискурстың қолдану аясына қарай бірнеше түрі бар: әскери дискурс, газеттік дискурс, іскери дискурс, медиа дискурс, балалар дискурсы,

Осылардың ішінде біз мақаламызда тоқталатынымыз - мәдени дискурс. Ең әуелі «мәдениет» сөзіне талдау жасасақ, арабтың «маданият» деген сөзінен құралып, «қала», «қалалық» деген ұғымды білдірген.

Қазіргі таңда ғылымтануда заттық мәдениет, материалдық мәдениет, рухани мәдениет, этнос мәдениеті, этникалық мәдениет, ұлттық мәдениет, шығыс мәдениеті, постфигуративтік мәдениет (дәстүрлік мәдениет), конфигуративтік мәдениет (замандастық мәдениет), префигуративтік мәдениет (жас ұрпақ мәдениеті), тіл мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, тұрмыс мәдениеті, тамақтану мәдениеті, киіну мәдениеті, төл мәдениет, жалпы адамзаттық мәдениет, аймақтық мәдениет, жазу (жазба) мәдениеті, кәсіби мәдениет және т.б. Бұның сыртында, көркем өнер мәдениеті, экологиялық мәдениет, оқу мәдениеті, ғылым мәдениеті, экономикалық мәдениет, т.б. топтастырушылық та бар. Демек, мәдениет адамзаттың адам болуынан бастап, оның бүкіл рухани ізденісі, шығармашылығы, тәжірибесі жинақталған мыңдаған жылдық жемісі [9., 6].

Осы аталған мәдениеттің қай түрін алып қарасақ та оны жеткізуші бұл, әрине тіл. Сондықтан да қазіргі таңда тілдік зерттеулерді кешенді түрде, нақтылай айтсақ, адамның ақыл-ой санасы, дүниетанымы, білімі т.б. ерекшеліктері тұрғысынан және бірнеше ғылымдар саласының тоғысында қарастыру ең өзекті болып отыр.

Тіл мен мәдениеттің өте тығыз байланыста екенін ғалым Ж.А.Манкеева былайша түсіндіреді: .. этномәдени атауларды талдау негізінде «мәдениет» ұғымының тілге қатысты мәнін былай түсіндіруге болады: кез келген ұлттық мәдениеттің негізі – ортақ тілде сөйлеп, ортақ мүдде мен қағидаларға сай өмір сүріп, әрекет ететін этноұжымда қалыптасқан шындық дүниенің тұтастығы, этностың материалдық және рухани кеңістігі.

Олай болса, “тіл” – ұлттың тірегі, ұлт мәдениетінің негізі» деген қағидаларға сәйкес тіл мен мәдениет арасындағы байланыстың арқауы сан ғасыр өтсе де бар асылын өз бойында сақтап, шашаусыз жиып, болашаққа жеткізетін тілдің құдіреті – кумулятивтік қызметі негізінде шешіледі. Нақты түрдегі оның тілдік көріністері : материалдық мәдениет (тұрақ, киім, тамақ, тұрмыс бұйымдары, еңбек құралдары т.б.) және ұлттық тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа сақталып жеткізілетін рухани мәдениет (салт-дәстүр, миф, өнер, дін, тәлім-тәрбие, көркем мәтін, т.б.) және ұлттық психология, таным тұрғысынан жасалатын рәміздік жүйе, сакрализация тәсілімен сақталған өнер, архитектура туындылары т.б [10., 202] мысалы,

Ақылды деп кімді айтамыз!

Бір мәжілісте бас қосып сөйлесіп отырғанда Шоң биге Мұса мырза:- Ақ сауыт деп нені айтамыз, Арғымақ деп нені айтамыз? Ақылды деп кімді айтамыз, Ер жігіт деп кімді айтамыз? — деп сұрақ қойыпты.

Бұған Шоң: - Ақ сауыт деп айтамыз, Атқанда оқ өтпесе. Арғымақ деп айтамыз, Желгенде жылқы жетпесе. Ақылды -деп айтамыз, Тозған елді септесе. Ер жігіт деп айтамыз, Жауға тастап кетпесе! — депті.

Осы мысалдағы “Ақ сауыт”, “Арғымақ”, “Ақылды”, “Ер жігіт” атаулары мен оған бидің берген талдамалары олардың жай ғана атау емес, ұлттығымызды танытатын белгілер, олар өздерінің негізгі ұғымдарына қоса “оқ өткізбеу”, “желгенде жылқы жеткізбеу”, “тозған елді септеу”, “жауға тастап кетпеу” деген архисемалар арқылы мәдени мәні ұғынылып тұр.

Олай болса, “мәдени дискурс” ұғымына ұлттық ерекшеліктерімізді бейнелейтін атаулар, бейнелі атаулар, салт-дәстүріміз, сөздік қорымыздың бай мұрасын дәлелдейтін мақал-мәтел, тұрақты сөз тіркестері жатады.

Ал Н.Уәли пікірінше: “белгілі бір тілдік таңбада екі түрлі мағына (білім) кодқа салынуы, соған сәйкес екі түрлі код болуы мүмкін. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код. Тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде осы екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажет. Тілдік тұлға ұлттық тілді тұтынушы ғана емес, ұлттық мәдениетті де тұтынушы. Осы тұрғыдан қарағанда белгілі бір тілдік концептінің құрылымдық түзіліміне мәдениеттің де қатысуы, “араласуы” кәдік. Олай болса, тілдік таңба мағынасының қай бөлігінде, қай тұсында мәдени мән болатынын айқындау қажет” [5., 14].

“Суалмайтын суат жоқ
Тартылмайтын бұлақ жоқ,
Құйрығы суда тұрса да,
Уақытысы жеткенде
Құрамайтын құрақ жоқ.
Дүние деген фәни бұл,
Баласы жоқта мият жоқ.
Бәрінен де қиын сол екен,
Артында жанған **шырақ** жоқ...” (Әйтеке би)

Бұл үзіндідегі негізгі ой, ең басты «жоқ» - “**шырақ**” сөзіне арналады. Бөлмені жарық етіп тұратын шырағдан, шам (майшам) деген негізгі мағынасынан бөлек, “ұрпақ”, “артынан қалған із”, “өспеді”, “өнбеді” семалалары актуальданып тұр. Осы семалар арқылы ұлттық мәдени белгілер көрініс тауып айшықталған. Зерттеуші айтып кеткендей «мәдени код» мәдени дискурсты тануға негіз болады.

“Субъектінің сөз әрекетінің, яғни тілді қарым-қатынас үшін қолдану әрекетінің нәтижесінде дискурс/мәтін қарастырылады. Басқаша айтқанда, сөйлеуші/жазушы сөз бірліктері арқылы айтылым (высказывание) дискурс/мәтін жанр түрінде белгілі-бір мағынаны тілдік бірліктер арқылы кодқа салынады, ал тыңдаушы/оқырман сол аталым, дискурс, мәтін түрінде тілдік бірліктер арқылы кодқа салынған мағыналарды (ой мен сезімді) ашады, тіпті тілдік кодты ашып қана қоймайды, сөз әрекетінің нәтижесі болып табылатын коммуникативтік бірліктердің мән-мағынасын интерпретациялайды” [5., 14].

Бұл жерде айтылғандай, кодқа салынған мағыналарды ашу үшін жазушының (жеткізушінің) де, оқырманның (қабылдаушының) да сол тілдік ғаламдық бейнесін түсінетіндей білімі болуы тиіс. Олай болмаған жағдайда, дискурс мақсаты нәтижесіз, яғни орындалмайды деген сөз. Мысал келтіріп көрсек:

Балаби би қартайған шағында халқын жиып алып, оларға:

Жерден ауыр не?

Судан терең не?

Оттан ыстық не?

Көктен биік не? — деп,

төрт сұрақ қойған екен. Бірақ ешкім жауабын айта алмапты. Сонда Балаби өзінің сұрақтарының шешешімін өзі былай деп айтқан екен:

Жерден ауыр дегенім — ақыл, білім.

Судан терең дегенім — оқу, ғылым.

Оттан ыстық дегенім — фани жалған, адамның өмірі.

Көктен биік дегенім — тәкаппардың көңілі.

Бұл мысалдағы «ауыр» - “ақыл-білім”, “терең” – “оқу, ғылым”, “ыстық” – “фәни жалған”, “биік” - тәкаппардың көңіліне” жасалынған талдамалар адресат пен адресанттың терең білімін қажет етеді. Осы арқылы ғаламның тілдік бейнесі дәйектеледі.

Мәдени дискурсты танытуда ұлттық салт-дәстүрдің де маңызы ерекше. И.Г. Гердердің : “Салт-дәстүр – тіл мен мәдениет бастауларының анасы” [11., 252] - деген пікірі толық құптай отырып төмендегі мәтін арқылы талдау жасап көрсек:

Атақты Қаздауысты Қазыбектің Әлімжан деген баласы қайтыс болғанда Төле би топ адаммен барып көңіл айтады. Сонда Төле би бүй депті:

О, Қаздауысты Қазыбегім!

Кім білген бұл ғұмырдың азы-көбін.

Қылыштың сабы кетіп, қабы қалды,

Бедеудің жаны кетіп, жалы қалды.

Батырдың ары кетіп, малы қалды,

Халықтың нәрі кетіп, сәні қалды.

Уа, Қазыбегім нар көтермес жұмыс болды.

Өзі беріп ұлынды өзі алды,
Бұл пенде бір Аллаға не қылады?

Қазақ халқының ұлттық дәстүрлерінің бірі - көңіл айту. Көңіл айтудың мақсаты - қара жамылып, аза тұтқан жанның көңіліне демеу болып, жұбату айту. Аталы сөзге тоқтай білген қазақ халқы үшін сөз құдіретінің орны ерекше екені ұлттық дәстүрлерде айқын көрініс табады. Жоғарыдағы мысалда келтірілген адресаттың адресантқа жеткізбекші ойы тамаша теңеулер – сабы/ қабы, азы/көбі, жаны/жалы, нәрі/сәні арқылы жеткізіліп тұр. Дискурс соңында негізгі мақсат орындалып, яғни адресаттан шыққан хабар, ой адресант санасына әсер етіп, ол тоқтамға келген.

Қорытынды. Сонымен, қорыта келе, қазақ тіл біліміндегі мәдени дискурсқа тән негізгі ерекшеліктерді жинақтап көрсетсек:

- мәдени дискурс - тамырынан тереңнен алатын тарихи құбылыс;
- ұлттық мәдениетіміз, салт-дәстүріміз, т.б.жайлы хабар беруші, ұлттық болмысымызды танытатын тілдік құбылыс;
- тіліміздің бай сөздік қорын танытушы;
- мәдени дискурстың табиғатында дискурстың барлық негізгі ерекшеліктері когезия, бүтіндік, прагматикалық мақсат, ақпараттық, грамматикалық және аяқталу категориялары кездеседі.
- мәдениетімізді, салт-дәстүріміз, ұлттық менталитет, дүниетанымымыз және т.б.ерекшеліктерді шоғырландыра отырып, тіліміздің ғаламдық бейнесін жасаушы, бұл әсіресе, тіліміздегі тұрақты сөз тіркестері, фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер т.б.арқылы көрініс табады.
- “мәдени код” мәдени дискурсты тануға негіз болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Benveniste E. *On Discourse // The Theoretical Essays: Film, Linguistics, Literature. Manchester: Manchester Univ. Press, 1985. – 32б.*
2. *Энциклопедический словарь. М.: «Языкознание». 1998 – 378 б.*
3. Арутюнова Н.Д. *Типы языковых значений. М.: Наука, 1988. – 112б.*
4. Буркитбаева Г.Г. *Деловой дискурс. Антология и жанры. – А., 2005. – 29 б.*
5. Уәли Н. *Қазақ сөз мәдениетінің негіздері филол.ғыл.д авторев. – Алматы, 2007. – 14б.*
6. Кеншімбаева Ж. *Қазақ мәтінінің семантика-интонациялық мүшеленуі. (ф.ғ.к.дисс.автореператы) – А., 2001. – 9б.*
7. Нурмышева Ш.А. *Коммуникативно-прагматическая характеристика переводов кинодискурса. Дисс. к.филол.н. А., 2010. – 11б.*
8. Нұрдәулетова Б.И. *Когнитивтік лингвистика. Оқулық. А, 2011. – 312 б.*
9. *Мәдениеттану негіздері. – А.: Дәнекер, 2000. - 216б.*
10. Манкеева Ж. *Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 2014. – 202-203бб.*
11. Гердер И.Г. *Идеи к философии истории человечества – М., 1977. – 252б.*

МРНТИ 14.35.07

А.М. Нурбаева¹, Л. А. Бугенова²

*¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

*² Казахская академия транспорта и коммуникации имени М. Тынышпаева
г. Алматы, Казахстан*

КРЕОЛИЗИРОВАННЫЙ РЕКЛАМНЫЙ ТЕКСТ И ЕГО ОСОБЕННОСТИ

Аннотация